

## **Әлеуметтік педагогтың жұмыс есебі 2023-2024**

### **№3 «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

#### **2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының есебі.**

Мектепте тамыз айының бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындалып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды. Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік төлкүжаттары сынып жетешілермен бірігіп жасалынды. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен 1-4 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы балалар толық ыстық тамақпен қамтылды 5-11сынып аралығында 10 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішүін мектеп медбикесі Г.Досбаева және әлеуметтік педагог С.Салимбаев бақылап отырамыз. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалынды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, сәтсіз отбасы, көп балала оқушылардың әлеуметтік төлкүжатты жасалынды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны 627 Толық отбасылар 605, толық емес отбасылар 22, көп балалы отбасы 163, аз қамтамасыз етілген отбасы балалар 20, Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ, Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар 2.

Мектебімізде 2023-2024 жылы «Мектепке жол » қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж толық емес отбасылар, көп балалы отбасы, аз қамтамасыз етілген отбасы балалар. «Мектепке жол » қайырымдылық акциясына демеушілер тарапынан 40 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. АӘК алатын отбасы балаларына мемлекет тарапынан 31 балаға 40500 теңгеден мектеп формасына қаржы көмек берілді. Желтоқсан айында Қайырымдылық акциясын откіздік Мектеп ұжымы үйымдастыруымен 30 оқушыға жаңа жылдық дастархан жайылды сыйлықтармен қамтыды.

Мектеп директоры Н.Касымбекова  
Әлеуметтік педагог С.Салимбаев

